Автор: Арыстанова Даурия Жумекеновна
Пән: Физика
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Заттың агрегаттық күйлері
Тақырып: Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.2.1.1 Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар тізбектей және параллель жалғау кезіндегі негізгі физикалық заңдылықтарды біледі Басым бөлігі өткізгіштерді жалғаудың белгілерін сипаттай алады Кейбір оқушылар Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосуды күнделікті өмірде және өндірістерде, күрделі есептер шығаруда қолдана алады
Тілдік мақсаттар:	Электр тізбегі – электрическая цепь – electric circuit Параллель – параллель – parallel Өткізгіш – проводник – conductor Кедергі – сопротивление - resistance
Бағалау критерийлері:	1) Оқушылар өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау туралы біледі 2) Формулаларды есептер шығаруда тиімді пайдаланады
Құндылықтарды дарыту:	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы
Пәнаралық байланыс:	Ағылшын тілі, математика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	1) Ұйымдастыру 1.1 Сәлемдесу. Түгелдеу. 1.2 Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу. Оқушылар шаттық шеңберіне тұрып «Досыммен бірге» ойыны арқылы бүгінгі күннің көңілді өтуіне арнаған тілектерін айтады 1.3 «Ақылды бейджик» әдісі Оқушыларға қағазға жазылған шартты белгіленулер, өлшем бірліктер мен формулалар, өлшеу құралдары жиынтығы ұсынылады. Оқушылар таңдап алған шамалар бойынша топтарының атын тұжырымдайды (Мысалы, I,A, I=U/R, Амперметр – Тоқ күші тобы) Үй тапсырмасын тексеру «Ұшақтар әдісі» арқылы алдыңғы білімге шолу жасау /сұрақ - жауап/ 1) Реостат дегеніміз не? 2) Резистор қандай құрылғы? 3) Екі құрылғының айырмашылығы? 4) Ом заңы формуласын жазып, тұжырымда 5) Күнделікті өмірде электр тоғы үйімізге қалай келіп жатыр? Бағалау Смайликтер арқылы	5e320df1b0392.png type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	2) Жаңа тақырыпты ашу мақсатында интербелсенді тақтадан Bilimland.kz сайтынан бейнематериал және суретті слайд көрсету 3) «Түртіп ал» әдісі Оқушылар оқулықпен жұмыс жасап, фомулаларды дәптерлеріне жазып алады «Деңгейлік сынақ» әдісі I топ 4) Кедергісі 80 Ом болатын сымды теңдей төрт бөлікке бөлді, алынған бөліктерді бір-бірімен параллель жалғады. Осы жалғаудың кедергісін анықтаңдар. II топ Электр жүйесіне кернеуі 120В болатын үш резистор тізбектей жалғанған олардың кедергілері 12 Ом, 9 Ом, 3Ом. Әр резистордың кернеуін және тізбектегі ток күшін есептеңдер III топ Кедергілері 540 Ом, 270Ом және 135 Ом болатын параллель жалғанған үш резистордан тұратын тізбектің кедергісін есептеңдер Дескриптор - Есептің берілгенін жазады - Формуласын дұрыс жазады - Формуланы қолданып есептің шешімін табады Сергіту сәті «Дене қимылымен жаттығу» Оқушылар орындарынан тұрып қолдарын параллель және тізбектей жалғану тәсілдері бойынша әр бағытқа(оңға, солға, алға, артқа) бұру арқылы іс - қимылмен көрсетеді 4) I- топ Сурет бойынша тізбектің сұлбасын сызыңдар 5e320f3bbcfe2.png Image not found or type unknown II-топ Дескриптор 5e320f4fd7915.png Image not found or type unknown - Сызбалардың шартты белгіленуін біледі - Тізбектердің параллель, тізбектей жалғануын біледі - Сызбалардың сұлбаларын сызады Бағалау. Жетістік баспалдағы 5e320f87e6a2c.png Image not found or type unknown 5) Сабақты бекіту: Тапсырманы сызбамен сәйкестендір. Әр топтан үш оқушы шығып тапсырманы сызбамен сәйкестендіреді 5e320faa1f347.png Image not found or type unknown Бағалау. Иә немесе Жоқ	https://bilimland.kz/ru/courses/physics-ru/ehlektrodinamika/postoyannyj-ehlektricheskij-tok/lesson/soprotivlenie-provodnika-zakon-oma-dlya-uchastka-czepi Оқулық Физика «Атамұра»
Сабақтың соңы	Кері байланыс «Кемпірқосақ» 5e3210038a41a.png Image not found or type unknown Үйге тапсырма: Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау. Тізбектей және параллель жалғауға сызбалар дайындау	Стикерлер
Рефлексия	Оқушылардың кейбірі тақырыпқа байланысты қойылған бекіту сұрақтарына жауап беруде шатасты. Шапшаңдық, тез ойлану, сауаттылық, тұжырымды жауап беру жетіспейді деп ойлаймын Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын одан әрі арттыру мақсатында әр түрлі әдіс - тәсілдер, құрал – жабдықтар қолдану сабақтың одан да жоғары деңгейде өтуіне оң ықпал етер еді деп ойлаймын.	